

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
**SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY**

ISSN 2224-5286

Volume 1, Number 409 (2015), 19 – 23

## **SULFURIC ACID LEACHING OF MANGANESE ORE FROM "KARAMOLA" DEPOSIT**

**A. A. Zharmenov, A. B. Baeshov, A. B. Makhanbetov, B. E. Myrzabekov, Zh. D. Bedelova**

RSE «National center on complex processing of mineral raw materials of the Republic of Kazakhstan»,  
 Almaty, Kazakhstan.  
 E-mail: armanmab@mail.ru

**Key words:** leaching, manganese, manganese ore, electrolysis, electrolytic manganese

**Abstract.** In the present work X-ray analysis of ore from "Karamola" deposit was carried out. Effectiveness of sulfuric acid leaching of manganese ore was investigated. The influence of the following parameters such as temperature, duration, ratio L: S and acid concentration on the behavior of manganese leaching was studied. Methods for purifying from impurities having a negative effect on the cathode reduction of manganese was presented.

УДК 669.1.01

## **МАРГАНЕЦҚУРАМДАС «ҚАРАМОЛА» КЕНИН ҚҮКИРТ ҚЫШҚЫЛДЫ ОРТАДА СІЛТІСІЗДЕҢДІРУ**

**Ә. А. Жәрменов, А. Б. Баев, А. Б. Маханбетов, Б. Э. Мырзабеков, Ж. Д. Беделова**

«ҚР Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі Ұлттық орталығы» РМК, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** сілтісіздендіру, марганец, марганец кені, электролиттік марганец.

**Аннотация.** Мақалада «Қарамола» марганецқұрамдаст кенине рентгендікұрылымдық талдау жүргізіліп, кенге құқырт қышқылды ортада сілтісіздендіру үрдісін жүргізу дің тиімділігі зерттелді. Сілтісіздендіру үрдісі параметрлерінің (температураның, сілтісіздендіру ұзактығының, қышқыл концентрациясының және С:Қ катаиасының) марганецтің бөлінуіне әсерлері зерттелді. Марганецтің катодтық тотықсыздануына көрі әсер ететін коспалардан тазарту әдістері ұсынылды.

Техниканың қарыштап дамуына байланысты көптеген метал және метал өнімдеріне деген сұраныс арытуда. Солардың бірі – марганец.

Қазақстан экономикасының негізі болып табылатын пайдалы қазбалары қатарында марганецтің де стратегиялық орны ерекше.

ТМД елдері арасында Қазақстан марганец қоры бойынша Украинадан кейін екінші орында. Мұнда кен құрамындағы марганец мөлшері салыстырмалы тәмен. Шамамен 60 %-ға жуық кеннің құрамындағы марганецтің мөлшері 10-20 %-ды құраса, 30 %-ға жуық марганецқұрамдаст кенде 20-30 % аралығында және жалпы кеннің 10 %-ындаға 30 %-дан жоғары мөлшерде кездеседі. Алайда кедей кендер электролиз әдісімен металдық марганец алуда тиімді [1-2].

Металдық марганецті болатқа қосу арқылы болаттың беріктілігін бірнеше есеге артытуруға болады. Мұнданың арнайы болаттар өндіруде тазалығы жоғары марганец пайдаланылады. Тазалығы жоғары марганец алуда электролиздік әдіске басқа белгілі алумотермиялық және силикотермиялық әдістері бәсекелес бола алмайды [3].

Арнайы болаттарға қосылатын металдық марганецтің мөлшеріне байланысты болаттың 200-ге жуық түрін алуға болады.

Қазіргі таңда өндірілетін электролиттік металдық марганецтің (ЕММ) 97,9 %-ын Қытайда, ал қалған 2,1 %-ын ОАР-да өндіреді. Аталған елдерде өндірілетін ЕММ-нің 42 %-ы тотықпайтын болаттар алуға жұмсалса, 32 %-ы басқа болат түрлерін өндіруге пайдаланылады.

Әлемде өндірілетін ЕММ-нің 87 %-ын Қытай өз ішкі сұранысын қамтамасыз етуге, оның ішінде 82 %-ы болаттық секторға жұмсалады. Сондықтан қазіргі уақытта марганец өнімдерін тұтынуши елдер Қытай нарығына тәуелді болып отыр. Осыған байланысты үлкен сұраныстағы марганецтің бай қорына ие Қазақстанда ЕММ-ді алу технологиясын жасау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі [4].

Электролит қызметін атқаратын марганец сульфатының ерітіндісін дайындау мақсатымен, ұсынылып отырған жұмыста марганец кенине күкірт қышқылды ортада сілтісіздендіру үрдісін жүргізіп, оған әсер ететін параметрлерді зерттеу міндеттеліп отыр.

### Алынған нәтижелер және оларды талқылау

Қазақстанның стратегиялық қорына жатқызылған Алматы облысы, Алакөл маңындағы «Қарамола» кенін сілтісіздендіру үрдісін зерттеу, тотықсыздандырылған -0,1 мм фракциялы кенмен С:К-5:1 қатынасында 50 г/дм<sup>3</sup> күкірт қышқылы қатысында жүргізілді.

«Қарамола» кенінің сынамасы рентгенокұрылымдық талдау (РКТ) арқылы сипатталды. РКТ, ДРОН ЗМ дифрактометрінде CuKa сәулесін пайдалана отырып жүргізілді.

Рентгенограмма 20 масштабта 15°- 60° интервалда сатылы тәртіппен түсірілді, (саты – 0,1 град) әр бір саты 2 секунд сайын тіркеліп отырды. Алынған нәтижелерді өңдеу және элементарлы ұяшық параметрлерінің есептеулері STOE WIN XPOW Version 1.04 және «Powder-2» программалар көмегімен іске асырылды.

Кендегі марганец және басқа қоспалардың массалық үлестері төмендегі кестеде көлтірілді (1-кесте).

1-кесте – «Қарамола» марганецқұрамдас кенінің құрамы


Сынама	Элементтер, %												Барл., %	
	C	O	Na	Mg	Al	Si	S	K	Ca	Cr	Mn	Fe	Ba	
Mn кені	2,03	46,89	0,26	0,32	1,33	29,03	0,35	0,49	0,83	0,33	15,3	0,94	1,9	100

Алынған талдау нәтижесінен байқаганымыздай «Қарамола» кені, Қазақстанның басқа кендерінен құрамындағы темірдің және басқа да метал қоспаларының мөлшері салыстырмалы төмен болуымен ерекшеленеді. Ол кенде өңдеуде жұмысты біршама женілдетуге мүмкіндік береді, яғни марганец кенін гидрометаллургиялық өңдеудің технологиялық тізбектерінде арнайы темірден тазарту сатысының орындалуын қажет етпейді.


РКТ-дан алынған рефлекстерге сәйкес келетін қосылыстарға қарап, «Қарамола» кені тотықкан кварцы, полианит-пиролюзитті және псиломеланды болып келетіндігін байқауға болады (1-сурет).

Тотықкан «Қарамола» кеніне жүргізілген сілтісіздендіру үрдісінен алдын, күйдіру арқылы тотықсыздандырып, марганецті күкірт қышқылды ортада ерігіштігі төмен марганец (IV) оксидінен сұлы ортада ерігішті жоғары марганец (II) оксидіне дейін өткізу міндеттелді [5-6].

Күйдіру арқылы тотықсыздандыру үрдісі силитті қыздырғышты шахталы пеште 800 °C температурада, 2 сағ. уақыт жалпы кен массасының 10 %-ын құрайтын мөлшерде құрамындағы қоспалар мөлшері төмен шұбаркөл көмірін қосу арқылы жүргізілді:



Тотықсыздандыру үрдісінен кейін кен, салқыннату мақсатымен пеште 12 сағатқа қалдырылды. Пештегі 110-130 °C температурада салқындан үлгермеген ыстық кенді сұлы ерітіндімен араластыра отырып сілтісіздендіру үрдісін жүргізгенде, ерітінді температурасы қосымша ысытқыш қатысынсыз 35-37 °C-ты көрсетті. Сондықтан сілтісіздендіру үрдісіне температуралың эсерін зерттеу 35 °C-тан басталды (2-кесте).



1-сурет. «Қарамола» марганец кені.  
 Рефлекстер, Å: 3,34; 4,27; 2,45; 2,28; 2,12; 1,98 және т.б. – α кварц  $\text{SiO}_2$  (ASTM 5-490).  
 Рефлекстер, Å: 2,71, 1,66 – β  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  (ASTM 39-238)  
 Рефлекстер, Å: 2,10 – α Mn (ASTM 32-637)  
 Рефлекстер, Å: 2,43; 1,65 –  $\text{MnO}_2$  (ASTM 30-820)

2-кесте – Әртүрлі температураларда жүргізілген сілтісіздендіру үрдісінің нәтижелері

Сілтісіздендіру уақыты, мин.	Ерітіндідегі марганец (II) ионының концентрациясы г/дм <sup>3</sup>	Марганецтің кеннен ерітінді құрамына өтуі, %
Сілтісіздендіру, 35 °C температурада		
30	10,52	34,65
60	12,27	40,42
90	12,57	41,40
120	12,78	42,09
Сілтісіздендіру, 70 °C температурада		
30	17,63	58,07
60	17,87	58,86
90	18,13	59,72
120	18,93	62,35
Сілтісіздендіру, 90 °C температурада		
30	17,47	57,54
60	20,73	68,28
90	22,23	73,22
120	23,70	78,06

Күйдіріп тотықсыздандырылған марганец кенімен жүргізілетін сілтісіздендіру үрдісіне әр түрлі параметрлердің әсерін зерттеу жұмыстары термостатталған шыны реакторда, ЭКРОС 8100 маркалы араластырышта 400 айн/мин жылдамдықпен араластыра отырып іске асрылды. Сілтісіздендіру үрдісі кезінде ерітіндіге қосылған кенмен әлі әрекеттесіп үлгермеген қышқыл қалдығын бақылау мақсатымен үнемі орта pH-ы анықталып отырды.

Сілтісіздендіру үрдісіне температура мен уақыттың әсерін қарастырғанымызда (2-кесте), зерттеу нәтижелері көрсеткендей орта температурасын жоғарылатқан сайын марганецтің де ерітіндіге өтуі біршама жоғарылай түсетінін анфартады. Сонымен катар араластыру уақытының да

өсуі жоғары нәтиже беретіндігін байқауға болады. Үрдісті 90 °С температурада, 30 - 120 мин аралығында жүргізгенде, марганецтің кеннен ертіндіге өтуі 26 %-ға өсіп, нәтижесінде марганец концентрациясы 17,47 г/дм<sup>3</sup>-ден 23,70 г/дм<sup>3</sup>-ге дейін жоғарылады. Үрдіс сонында ертінді pH-ы 2-3 аралығында, яғни реакцияға түсіп үлгерменең қалдық құқыртқыштың концентрациясы 0,05-0,1 г/дм<sup>3</sup> мөлшерде болды. Қышқыл концентрациясын стехиометрия бойынша 94 г/дм<sup>3</sup> мөлшерге өсіргенімізде, сілтісіздендіру сонында орта pH-ы 0,9-1,2 аралығында, қалдық қышқыл 4-7 г/дм<sup>3</sup> мөлшерде болып, сәйкесінше марганецтің ертіндіге өтуі 4,8 %-ға өсіп, 82,86 %-ды құрады.

Келесі зерттеу жұмысы С:Қ қатынасының марганец кенин сілтісіздендіруге әсерін анықтауға бағытталды. Жұмыс барысында С:Қ қатынасын 5:1 қатынастан тәмемдеткенімізде қойыртпақ қоюланып, оны механикалық аラластыру және фильтрлеу үрдістері біршама қындықтар туғызыды. Фильтрлеу уақыты ұзарып, кек ылғалдылығы арытты. Сондықтан аталған параметрлерді өзгеріссіз қалдырып, тек С:Қ қатынасын 6:1 қатынасқа өсіргенімізде марганецтің ертіндіге өтуі 87,81 %-ға жетті.


Марганец (II) иондарының тотықсыздану потенциалы электротеріс (-180 В) болғандықтан, метал электроэкстракциясы кезінде ертінді құрамындағы қоспалар марганец иондарының катодтық тотықсыздануын шектеуі немесе катодтық металды ластауы мүмкін. Аталған әрекетті болдырмау үшін ертіндіні сілтісіздендіру үрдісінен кейін басқа қоспалардан тазарту міндетті түрде жүргізуі тиіс.

Ертіндіні тазарту екі саты бойынша жүзеге асырылады:

гидролиттік тазарту – ертіндін реагент қатысында нейтралдау арқылы;

сульфидтік тазарту – аммоний сульфидін немесе құқырт сутегі газын жіберу арқылы [7].

Гидролиттік тазартуда әдетте аммиактың сулы ертіндісін қосу арқылы ертінді pH-ын 5-6 мәнге жеткенше нейтралдайды. Сульфидтік тазарту әдісі ертіндіге аммоний сульфидін немесе құқырт сутегі газын жіберу арнағы қондырғыларда іске асырылады. Сондықтан мұндай тазарту үрдісі зертханалық жұмыстарда натрий сульфидімен жүргізіліп, натрий иондарының электролизге әсері қарастырылды.



2-сурет – Титан электродында натрий ионының әр түрлі концентрациясында түсірілген потенциодинамикалық-поляризациялық қисық: V = 100 мВ/с, t = 25°С, [Na<sup>+</sup>] мг/дм<sup>3</sup>: 1 – 2; 2 – 4; 3 – 8; 4 – 16.

Электролит ертіндісіндегі сутегі иондарының тотықсыздану потенциалының асқын кернеулігіне натрий иондарының әсері Р8 потенциостатында потенциодинамикалық-поляризациялық қисық түсіру арқылы зерттелді (2-сурет).

Түсірілген қисықтан сутегінің бөліну потенциалына 2–16 мг/дм<sup>3</sup> мөлшердегі натрий ионының көрінісінде болмайтынын аңғаруға болады.

Натрий ионының зерттелген концентрациялар аумағында сутегі бөліну потенциалы 1600 мВ-ты көрсетіп отыр. Сутегі бөліну потенциалының асқын кернеулігі алғынған мәнде болуы, марганецтің катодтық тотықсыздануына натрий иондарының көрінісінде болмайтынын және сульфидтік тазарту әдісін натрий сульфидімен де жүргізуге болатындығын аңғартады.

**Корытынды.** «Қарамола» марганецқұрамдас кенин сілтісіздендіру үрдісін жүргізу барысында марганецтің ертіндіге өтуіне температуралық, қышқыл концентрациясының, аラластыру уақыт-

тының және С:К қатынасының әсері зерттелді. Алынған нәтижелерге сәйкес ертінді температурасын 90° С-та, күкірт қышқылының концентрациясын 94 г/дм<sup>3</sup> мөлшерде, С:К қатынасын 6:1 қатынаста ұстап, 2 сағат араластыру арқылы марганецтің ертіндігे өтуі 87,81 %-ға жеткізілді.

Марганец (II) оксидінің ауада тез тотығып кететінін ескерсек, тотықсызданған кеңді ауа қатысында салқыннату уақытын мүмкіндігінше азайту және ыстық кенмен сілтісіздендіру үрдісін жүргізу арқылы марганецтің ертіндігे өтуін көрсетілген нәтижеден де жоғарылатуға болады. Сонымен қатар марганец ертіндісін басқа түсті метал иондарынан сульфидтік тазарту үрдісін натрий сульфидімен де жүргізуғе болатындығы ұсынылды.

Зерттеу жұмыстарын ары қарай жалғастырыру, марганец кеңін сулы ортада өндіреу әдісін женіл, ері тиімді етуге мүмкіндік береді.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Толымбеков М.Ж., Святов Б.А. Состояние марганцевой базы Казахстана и пути ее развития // «Физико-химические и технологические вопросы металлургического производства Казахстана» сб. научн. тр. ХМИ. – Алматы, 2002. – Т. 30. – С. 92.
- [2] Маханбетов А., Баешов А., Жарменов А., Мырзабеков Б., Табылганова А. Марганец (II) иондарының нейтралды ортада тотықсыздануы // Промышленность Казахстана. – 2014. – С. 81-83.
- [3] Ужкенов Б.С., Мазуров А.К., Селифонов Е.М. Состояние сырьевой базы железных, марганцевых и хромитовых руд Казахстана и перспективы развития черной металлургии на период до 2030 года // Индустрия Казахстана. – 2003. – № 10 (18). – С. 23.
- [4] <http://www.cmmarket.ru/markets/mnworld.htm>
- [5] Пат. 2174156 РФ Способ переработки бедных марганецсодержащих руд / Малов Е.И., Хвостов В.П., Свенцинский А.Т.; опубл. 27.03.2007.
- [6] Пат. 2296174 РФ Раствор для выщелачивания оксидно-марганцевых руд / Невская Е.Ю., Горичев И.Г., Изотов А.Д., Зайцев Б.Е.; опубл. 27.03.2007.
- [7] Жарменов А.А., Хомяков А.П., Романов Г.А., Табылганова А.Н., Маханбетов А.Б., Малахов В.А., Шарипов Р.Х., Дагубаева А.Д. Получение металлического марганца из руд месторождения «Карамола» электролизом сульфатных растворов // Промышленность Казахстана. – 2013. – С. 83-88.

## REFERENCES

- [1] Tolymbekov M.Zh., Svyatov B.A. State of manganese base in Kazakhstan and ways of its development. «Physico-chemical and technological issues of metallurgical production in Kazakhstan» coll. scient. works. CMI. Almaty: **2002**, 30, 92 (in Russ.).
- [2] Makhanbetov A., Bayeshov A., Zharmenov A., Myrzabekov B., Tabylganova A. Manganese (II) ions and neutral environment, reduction. *Promyshlennost' Kazakhstana*, **2014**, 1 (82), 81-83(in Kaz.).
- [3] Uzhkenov B.S., Mazurov A.K., Selifonov Ye.M. The state of the raw material base of iron, manganese and chromite ores of Kazakhstan and prospects of development of the steel industry for the period up to 2030. *Industriya Kazakhstana* **2003**, 10 (18), 23 (in Russ.).
- [4] <http://www.cmmarket.ru/markets/mnworld.htm>
- [5] Pat. 2174156 RF. Processing method of manganese poor ores. Malov Ye.I., Khvostov V.P., Sventsinskiy A.T.; 27.03.2007 (in Russ.).
- [6] Pat. 2296174 RF. Leach solution oxide of manganese ore. Nevskaya Ye.YU., Gorichev I.G., Izotov A.D., Zaytsev B.Ye.; . 27.03.2007 (in Russ.).
- [7] Zharmenov A.A., Khomyakov A.P., Romanov G.A., Tabylganova A.N., Makhanbetov A.B., Malakhov V.A., Sharipov R.Kh., Dagubayeva A.D. Getting manganese metal from ore deposits "Karamola" electrolysis of sulfate solutions. *Promyshlennost' Kazakhstana*, 2013, 83-88 (in Russ.).

## СЕРНОКИСЛОТНОЕ ВЫЩЕЛАЧИВАНИЕ МАРГАНЕЦСОДЕРЖАЩЕЙ РУДЫ МЕСТОРОЖДЕНИЯ «КАРАМОЛА»

**А. А. Жарменов, А. Б. Баешов, А. Б. Маханбетов, Б. Э. Мырзабеков, Ж. Д. Беделова**

РГП «Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья Республики Казахстан»,  
Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** выщелачивание, марганец, марганцевая руда, электролитический марганец.

**Аннотация.** В работе был проведен рентгенофазовый анализ руды месторождения «Карамола». Исследована эффективность сернокислотного выщелачивания марганецсодержащей руды. Изучено влияние основных параметров выщелачивания – температура, продолжительность, соотношение Ж:Т и концентрации кислоты на извлечение марганца.

Поступила 05.02.2015г.